



Әкімдіктің
2021 жылғы 5 қаңтардағы
№ 9 қаулысымен
бекітілген

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жітіқара ауданы білім бөлімінің балалар шығармашылық үйі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жарғысы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жітіқара ауданы білім бөлімінің балалар шығармашылық үйі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік мекеме) функцияларын жүзеге асыру үшін мекеменің ұйымдық құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

3. Мемлекеттік мекеме Қостанай облысы әкімдігінің «Жітіқара ауданының мемлекеттік білім беру мекемелерін қайта атау туралы» 2021 жылғы 5 қаңтардағы № 9 қаулысымен қайта аталды.

4. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы Қостанай облысының әкімдігі болып табылады.

5. Мемлекеттік мекемеге байланысты мемлекеттік мекеменің мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган «Қостанай облысының әкімдігі(бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) болып табылады.

6. Мемлекеттік мекеменің атауы:Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жітіқара ауданы білім бөлімінің балалар шығармашылық үйі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

7. Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 110700, Қостанай облысы, Жітіқара ауданы, Жітіқара қаласы, шағын ауданы 6, үй 60.

2-тарау. Мемлекеттік мекеменің заңдық мәртебесі

8. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған мөрі болады.

9. Мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды, Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда.

10. Мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауапты болады.

11. Мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері, олардың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркелгеннен кейін, күшіне енеді.

3-тарау. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні білім алушылардың өзін-өзі анықтау, шығармашылығын дамыту, олардың қабілеттерін іске асыру, қоғам өміріне бейімдеу, азаматтық сана-сезімін, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтын қалыптастыру, бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру үшін жағдайлар жасау болып табылады.

13. Мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың жеке адамның, қоғам мен мемлекет мүддесіндегі білім беру және мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

14. Мемлекеттік мекеменің міндеттері:

1) жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған сапалы қосымша білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

2) жеке тұлғаның зияткерлік, шығармашылық, дене бітімі мүмкіндіктерін дамыту, олардың қабілеттерін іске асыру;

3) адамгершілік, салауатты өмір салты, экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру;

4) азаматтылық пен отансүйгіштікке, өз Отанына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді, халықтың дәстүрлерін құрметтеуге тәрбиелеу;

5) бос уақытты мазмұнды ұйымдастыру.

15. Мемлекеттік мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) қосымша білім берудің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру;

2) бұқаралық шараларды ұйымдастыру және өткізу, балалардың, ата-аналардың немесе өзге заңды өкілдердің бірлескен еңбегі мен демалысы үшін қажетті жағдай жасау.

16. Мемлекеттік мекемеге осы жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

17. Мемлекеттік мекеме қызмет мақсаттарына қайшы жасалған мәміле, Қазақстан Республикасының шектеулі заңдарында немесе құрылтай құжаттарында не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасалған мәміле басқару органының не прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4-тарау. Мемлекеттік мекемені басқару

18. Мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Жітіқара ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – білім бөлімі) жүзеге асырады.

19. Жергілікті атқарушы орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ретпен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітіп береді;
- 2) мемлекеттік мекеме жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;
- 3) мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;
- 4) оған осы жарғымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

20. Білім бөлімі:

- 1) мемлекеттік мекеменің жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;
- 2) мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
- 3) мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылуы тәртібі мен өкілеттік мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;
- 4) мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындайды;
- 5) мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;
- 6) жылдық қаржы есептілікті бекітеді;
- 7) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға, мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде олар сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге жазбаша келісімін береді;
- 8) оған осы жарғымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

21. Мемлекеттік мекеме басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделмеген жағдайларды қоспағанда, білім бөлімімен қызметке конкурстық негізде тағайындайды және қызметтен босатылады.

22. Мемлекеттік мекеменің басшысы білім бөлімінің келісім бойынша бас бухгалтерді қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

23. Мемлекеттік мекеменің басшысы мемлекеттік мекеме жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, білім бөліміне тікелей бағынады және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттер мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

24. Мемлекеттік мекеменің басшысы дара басшылық қағидаты бойынша әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

25. Мемлекеттік мекеме басшысының мемлекеттік мекемемен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

26. Мемлекеттік мекеменің қызметті жүзеге асыруы барысында мемлекеттік мекеме басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүддесін білдіреді;
- 3) шарттар жасасады;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) мемлекеттік мекеменің іссапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың өзге де түрлеріне байланысты жоспарларын бекітеді;
- 6) банк шоттарын ашады;
- 7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 8) жергілікті атқарушы органы тағайындайтын қызметкерлерден басқа, мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
- 9) мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазаға тартады;
- 10) өз орынбасарының (орынбасарларының) және мемлекеттік мекеменің өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктер аясын айқындайды;
- 11) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы жарғымен және жергілікті атқарушы органмен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5-тарау. Іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі

27. Мемлекеттік мекемеде білім алушылардың білім алу және мәдени қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында балаларға арналған қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырады.

28. Балаларға арналған қосымша білімнің білім беру бағдарламалары білім алушылардың өзін-өзі анықтау, шығармашылығын дамыту, олардың қабілеттерін іске асыру, қоғам өміріне бейімдеу, азаматтық сана-сезімін, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтын қалыптастыру, бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру үшін жағдайлар жасауға бағытталған.

6-тарау. Мемлекеттік мекемеге қабылдау тәртібі

29. Мемлекеттік мекемеге қабылдау тәртібі «Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына сәйкес Республиканың білім беру саласындағы орталық атқарушы органы айқындайды.

30. Мемлекеттік мекеме балаларды қабылдау кезінде оларды және ата-аналарды немесе заңды өкілдерді Жарғымен, білім беру үрдісінің тәртібін белгілейтін басқа да құжаттармен таныстырады.

7-тарау. Білім беру процесін ұйымдастыру тәртібі (оның ішінде оқыту және тәрбиелеу тілі (тілдері), білім алушылардың, тәрбиеленушілердің сабақ режимі)

31. Мемлекеттік мекеменің тіл саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясына және «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Оқыту орыс тілінде жүргізіледі.

32. Мемлекеттік мекеменің қызметі білім алушылардың өзін-өзі анықтау, шығармашылығын дамыту, олардың қабілеттерін іске асыру, қоғам өміріне бейімдеу, азаматтық сана-сезімін, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтын қалыптастыру, бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру үшін жағдайлар жасауға бағытталған.

33. Мемлекеттік мекеме балалардың сұраныстарын, отбасының, білім беру ұйымдарының, қоғамдық (оның ішінде балалар мен жасөспірімдер) ұйымдардың қажеттіліктерін, өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерін, ұлттық-мәдени дәстүрлерді ескере отырып, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын дербес әзірлейді.

34. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі тәртіптемесінің ережесімен бекітіледі.

35. Мемлекеттік мекемедегі білім алушылар, педагогтар және білім алушылардың заңды өкілдері білім беру және тәрбиелеу процесінің қатысушылары болып табылады.

36. Сабақ кестесін мемлекеттік мекеменің әкімшілігі білім алушыларға қолайлы жағдай жасауды, олардың жас ерекшеліктерін, ата-аналарының қалауын ескеріп, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган бекіткен білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес жасайды және бекітеді.

37. Жастары қатар және әртүрлі жастағы балалар, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі балалар мемлекеттік мекемеде қызығушылықтары бойынша үйірмеге, клубқа, студияға, ансамбльге, топқа, театрға және басқа бірлестіктерге (бұдан әрі – бірлестіктер) біріктіріледі.

38. Топтарға жинақтау балалардың ерікті түрдегі таңдауына негізделеді.

39. Тұрақты және ауыспалы құрамымен білім алушылардың қызығушылықтары бойынша бірлестіктер құрылады.

40. Қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын бірлестіктерде оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың негізгі нысаны бір тақырыптық бағыттағы немесе кешенді, кіріктірілген бағдарламалар бойынша сабақтар болып табылады. Сабақтар қосымша білімнің білім беру бағдарламаларының талаптарына қарай оқу жылы бойына немесе қысқа мерзімге ұйымдастырылады.

41. Сабақтар қосымша білімнің білім беру бағдарламасына сәйкес топпен, жеке немесе бірлестіктің толық құрамымен жүргізіледі. Бірінші оқу жылында әрбір топтағы балалар саны 10-нан 15-ке дейін, екінші және келесі жылдары 8-ден 12-ге дейін, сынақ және зерттеу топтарында 6-дан 8-ге дейін болуы тиіс.

42. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту барысында топтың құрамы 6-10 адамды құрайды.

43. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқыту барысында топтың құрамы 3-6 адамды құрайды.

44. Мемлекеттік мекеме білім алушылардың, оның ішінде инклюзивтік білім беруге жағдай жасау арқылы оқу-тәрбие жұмысын күнтізбелік барлық жыл бойы қамтамасыз етеді.

45. Қыркүйектің 1-нен 14-не дейін бірлестіктерді іріктейді, сабақ 15 қыркүйектен басталады.

46. Жазғы кезеңде бірлестіктер арнайы кесте бойынша білім алушылардың тұрақты немесе ауыспалы құрамымен жұмыс істейді.

47. Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары жазғы кезеңде өз базасында бейіндік лагерьлер, туристік қалашықтар мен базалар (қала сыртындағы немесе күндізгі), сондай-ақ балалардың тұрғылықты жерлерінде білім алушылардың тұрақты немесе ауыспалы құрамымен әртүрлі бірлестіктер құра алады. Бірлестік жұмысы концерттер, жорықтар мен саяхаттар, жарыстар, экспедициялар және басқа да түрде өткізіледі.

48. Бірінші жылы оқытылатын топтардың сабақтарына аптасына 4 академиялық сағат, екінші және келесі жылдары – 6 академиялық сағат, сынақ және зерттеу топтарына – 8 академиялық сағат қарастырылады.

Мектеп жасына дейінгі балалар үшін аптасына 2 академиялық сағаттан аспайтын 25-35 минут көлемінде сабақ жүргізіледі.

Практикалық сабақтар (жорықтар, экспедициялар, саяхаттар, жарыстар, концерттік сапарлар) өткізу үшін сағаттар көлемі тәулігіне 8 сағат есебінде белгіленеді.

49. Қызығушылықтары бойынша бірлестік жұмысына мемлекеттік мекемесі басшысының келісімі болған жағдайда, балалармен бірге олардың ата-аналары (заңды өкілдері) негізгі құрамнан тыс қатыса алады.

50. Мемлекеттік мекеме білім алушылардың дарынын және кәсіптік бағдарлануын дамыту мақсатында ғылыми, зерттеу ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жүргізеді, заңнамаға сәйкес эксперименттік, ғылыми-зерттеу, шығармашылық жұмыстар жүргізу үшін олардың базасында білім алушылардың ғылыми бірлестіктерін, зертханаларын құрады.

51. Мемлекеттік мекемеде эксперименттік және зерттеу топтары ашылады.

52. Балаларды әлеуметтік бейімдеу және білім беру үдерісін жандандыру мақсатында мемлекеттік мекемеде әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық, медициналық қызметтер құрылады.

8-тарау. Білім алушылардың білімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі, оларды өткізу нысандары мен тәртібі

53. Мемлекеттік мекеме білім алушылардың білім сапасына, жетістіктеріне мониторинг жүргізеді.

9-тарау. Білім алушыларды, тәрбиеленушілерді оқудан шығару негіздері және тәртібі

54. Білім алушылар ата-аналардың (өзге заңды өкілдерінің) тілегі (өтініші) бойынша шығарылады.

10-тарау. Ақылы қызмет ұсынудың тізбесі және тәртібі

55. Мемлекеттік мекеме көрсететін білім беру қызметтері білім алушылар мен тәрбиеленушілерге бюджет қаражаты есебінен, тегін көрсетіледі.

56. Мемлекеттік мекеме мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс ақылы қызметтер көрсету туралы шартты

жасай отырып, тиісті тауарлар (жұмыстар, қызметтер) бойынша ақылы негізде мынадай:

1) қосымша білім беру бағдарламаларын (балалар және жасөспірімдер шығармашылығын, спорт, мәдениет және өнер саласындағы бейімділіктер мен қызығушылықтарды дамыту, мамандардың біліктілігін арттыру) іске асыру;

2) оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша бөлінген оқу уақытынан тыс пәндер (сабақтар және сабақтардың циклдері) бойынша жекелеген білім алушылармен қосымша сабақтар ұйымдастыру;

3) пәндер (сабақтар және сабақтардың циклдері) бойынша білім алушылармен ғылым негіздерін тереңдетіп оқып үйренуді ұйымдастыру;

4) білім алушылар мен тәрбиеленушілер, педагог қызметкерлер мен ересек жұртшылық арасында әртүрлі: спорт жарыстарын, семинарлар, кеңестер, конференциялар, сондай-ақ оқу-әдістемелік әдебиетті әзірлеу мен өткізу жөніндегі іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу;

5) музыка аспаптарын пайдалануға беру және Интернет-байланыстың қосымша қызметтерін ұсыну;

6) жазғы демалысты ұйымдастыру, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, білім беру ұйымында өткізілетін түрлі іс-шараларға қатысушылардың тамақтануын қамтамасыз ету;

7) ғылыми зерттеулер жүргізу;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасымен рұқсат етілген өзге де тауарларды (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) ұсынуға құқылы.

57. Мемлекеттік мекеме ақылы негізде ұсынатын тауарларға (жұмыстарға және қызметтер көрсетуге) бағалар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілуге жатады.

58. Ақылы негізде қызмет көрсететін мемлекеттік мекеменің және білім алушының (тәрбиеленушінің), оның ата-анасының және өзге де заңды өкілдердің өзара қатынастары шартпен реттеледі.

59. Білім алушы шарт жасасу сәтінде бүкіл оқу кезеңі үшін шығыстарды бір мезгілде ақы төлеген жағдайда төлем сомасы оқу мерзімі аяқталғанға дейін өзгермейтін болады.

60. Оқуға төлемді кезең-кезеңімен төлеген кезде төлем сомасы жалақы ұлғайтылған жағдайда және инфляция индексі ескеріле отырып, жылына бір реттен асырылмай ұлғайту жағына өзгертілуі мүмкін.

11-тарау. Білім алушылармен, тәрбиеленушілермен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қарым-қатынастарды ресімдеу тәртібі

61. Мемлекеттік мекеме мен білім алушылар, олардың ата-аналары мен өзге заңды өкілдер арасындағы өзара қарым-қатынас білім беру қызметтерін көрсетуге арналған шартқа және Қазақстан Республикасының азаматтық

заңнамасына, сондай-ақ «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес реттеледі.

62. Оқушылардың:

- 1) сапалы білім алуға;
- 2) өзінің пікірі мен сенімін еркін білдіруге;
- 3) өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;
- 4) оқудағы және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермеленуге және сыйақы алуға;
- 5) білім беру саласындағы заңнамалық актілерінде белгіленген өзге құқықтарға құқығы бар.

63. Оқушылар:

- 1) білімді, шеберлікті, практикалық дағдылар мен біліктілікті меңгеруге, ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, мемлекеттік мекеменің жарғысында және білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген басқа да талаптарды орындауға;
- 2) өздерінің денсаулығы үшін қам жеуге, рухани және тән саулығын өздігінен жетілдіруге ұмтылуға;
- 3) педагогтің ар-намысы мен қадір-қасиетін, өздері білім алатын оқу орнының дәстүрлерін құрметтеуге;
- 4) білім беру саласындағы заңнамалық актілерінде белгіленген басқа да міндеттерді орындауға міндетті.
- 5) Оқушылардың міндеттерін бұзғаны үшін оларға мемлекеттік мекеменің ішкі тәртібінің ережелерімен және жарғысымен көзделген тәртіптік ықпал ету шаралары не білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта көзделген өзге де шаралар қолданылуы мүмкін.

64. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдерінің:

- 1) баланың тілегін, жеке бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып білім беру ұйымын таңдауға;
- 2) мемлекеттік мекемеден өз балаларының үлгеріміне, мінез-құлқына және оқу жағдайларына катысты ақпарат алуға;
- 3) кәмелетке толмаған балаларының құқықтары мен мүдделерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғауға;
- 4) білім беру саласындағы заңнамалық актілерінде белгіленген өзге де құқықтарға құқығы бар.

65. Ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер:

- 1) балаларға өмірі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың ой-өрісі мен дене күшін дамытуды, имандылық тұрғысынан қалыптасуын қамтамасыз етуге;
- 2) мемлекеттік мекемеге балаларды оқыту мен тәрбиелеуге көмек көрсетуге;
- 3) мемлекеттік мекеменің жарғысында айқындалған қағидаларды орындауға;

4) балалардың мемлекеттік мекемедегі сабаққа баруын қамтамасыз етуге;

5) мемлекеттік мекеме жұмыскерлерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге.

66. Білім беру саласындағы заңнамалық актілерінде айқындалған басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

67. Педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезінде:

1) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде кәсіптік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;

2) лауазымды адамдар және басқа да тұлғалар тарапынан заңсыз араласудан және кедергі келтіруден қорғалуға;

3) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан кәсібіне құрметпен қаралуына және тиісінше мінез-құлық көрсетілуіне;

4) кәсіптік қызметін жүзеге асыру үшін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуге және қажетті жағдайлардың жасалуына;

5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогтік практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;

6) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған кезде шығармашылық бастамаға, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;

7) білім беру бағдарламасына сәйкес оқыту мен тәрбиелеудің оқу құралдарын, материалдарын және өзге де құралдарын таңдауға;

8) білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, білім беру қызметінің әдістемелік материалдары мен өзге де құрауыштарын, сондай-ақ оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдарын әзірлеуге қатысуға;

9) жұмыс орны бойынша сайланбалы лауазымға сайлануға және оны атқаруға;

10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде мемлекеттік мекеменің қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға;

11) мемлекеттік мекемені басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;

12) бес жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыруға;

13) үздіксіз кәсіптік дамуға және біліктілікті арттыру нысандарын таңдауға;

14) біліктілік санатының мерзімінен бұрын берілуіне;

15) кәсіптік қызметіндегі табыстары үшін көтермеленуге;

16) өзіне қатысты қабылданатын мемлекеттік мекеме басшысының актілеріне, әрекеттеріне және шешімдеріне жоғары тұрған лауазымды адамдарға немесе сотқа шағым жасауға;

17) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-анасы немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан ар-намысы мен қадір-қасиетіне құрмет көрсетілуіне құқығы;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтары бар.

68. Педагогтің құқықтарын жүзеге асыру басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға тиіс.

69. Педагог:

1) өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерді меңгеруге;

2) оқыту мен тәрбиелеудің педагогтік қағидаттарын сақтауға, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген талаптардан төмен емес деңгейде қамтамасыз етуге;

3) өзінің кәсіптік шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде біліктілік санаты деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттыруға (растауға);

4) педагогтік әдепті сақтауға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті мерзімдік медициналық қарап-тексерулерден өтуге;

6) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

7) балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға;

9) білім беру ұйымының басшылығына өмірлік қиын жағдайда жүрген баланың анықталу фактілері туралы дереу хабарлауға;

10) құқық қорғау органдарына және білім беру ұйымының басшылығына қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттерді (әрекетсіздікті) кәмелетке толмағандардың жасау немесе оларға қатысты жасалу, оның ішінде білім беру ұйымынан тыс жерде кәсіптік қызметіне байланысты өзіне белгілі болған фактілер туралы дереу хабарлауға;

11) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-анасына немесе өзге де заңды өкілдеріне консультация беруге міндетті.

70. Педагог білім беру процесін саяси үгіттеу, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді саяси, діни немесе өзге де сенім-нанымдарды қабылдауға не олардан бас тартуға мәжбүрлеу үшін, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе

діни алауыздықты қоздыру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни немесе тілдік тиесілік белгісі, дінге көзқарасы бойынша азаматтардың ерекшелігін астамшылығын не кемшіндігін насихаттайтын, оның ішінде білім алушыларға Қазақстан Республикасының ұлттары мен ұлыстарының тарихи, ұлттық, дін және мәдени дәстүрлері туралы анық емес мәліметтерді хабарлау арқылы үгіттеу үшін, сондай-ақ білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін әрекеттерге итермелеу үшін пайдалануға құқылы емес.

12-тарау. Мемлекеттік мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

71. Мемлекеттік мекеменің мүлкі мыналардың:

- 1) оған меншік иесі берген мүлік;
- 2) өз қызметі барысында сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қос алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржыкөздері есебінен құрылады.

72. Мемлекеттік мекеме дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета қаражатыбойынша мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге бөлінген құқығы жоқ.

73. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен мемлекеттік мекеме кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда білім беру салаларындағы мемлекеттік мекемелер өндіретін тауарларды (жұмыстарды көрсетілетін қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаны қоспағанда, мұндай қызметтен алынған ақша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті бюджеттің есебіне жатқызылады.

74. Мемлекеттік мекеменің қызметі жергілікті, республикалық бюджеттер және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздерден қаржыландырылады.

75. Мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

76. Мемлекеттік мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизияны жергілікті атқарушы орган және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және олардың құзыретіне сәйкес өзге де мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

13-тарау. Мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі

77. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

78. Мемлекеттік мекеменің әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес айқындалады.

14-тарау. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

79. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүзеге асырылады және Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аумақтық әділет органдарында мемлекеттік тіркеу рәсімінен өтеді.

15-тарау. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

80. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүргізіледі.

Мемлекеттік заңды тұлға заңнамалық актілерде көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

81. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

82. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған мемлекеттік мекеменің мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган қайта бөледі.

83. Таратылған мемлекеттік мекеменің мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, осы мекеменің кредиторлардың талаптарын қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақшасы тиісті бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

16-тарау. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

84. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

Басшы Назарбаева Елена Меметалиевна Аманжол
Т.А.Ә. ҚОЛЫ



14
Утвержден
постановлением акимата
от 5 января 2021 года
№ 9

Устав

**коммунального государственного учреждения «Дом детского творчества
отдела образования Житикаринского района» Управления образования
акимата Костанайской области**

Глава 1. Общие положения

1. Коммунальное государственное учреждение «Дом детского творчества отдела образования Житикаринского района» Управления образования акимата Костанайской области (далее – государственное учреждение) является некоммерческой организацией, обладающей статусом юридического лица, созданной в организационно-правовой форме учреждения для осуществления функций.
2. Вид государственного учреждения: коммунальное.
3. Государственное учреждение переименовано постановлением акимата Костанайской области от 5 января 2021 года № 9 «О переименовании государственных учреждений образования Житикаринского района».
4. Учредителем государственного учреждения является акимат Костанайской области.
5. Органом, осуществляющим по отношению к государственному учреждению функции субъекта права в отношении имущества государственного учреждения является акимат Костанайской области (далее – местный исполнительный орган).
6. Наименование государственного учреждения: коммунальное государственное учреждение «Дом детского творчества отдела образования Житикаринского района» Управления образования акимата Костанайской области.
7. Место нахождения государственного учреждения: Республика Казахстан, 110700, Костанайская область, Житикаринский район, город Житикара, микрорайон 6, дом 60.

Глава 2. Юридический статус государственного учреждения

8. Государственное учреждение имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством Республики Казахстан, бланки,

печати с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием государственного учреждения.

9. Государственное учреждение не может создавать, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица, за исключением случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан.

10. Государственное учреждение отвечает по своим обязательствам, находящимся в его распоряжении деньгами. При недостаточности у коммунального государственного / учреждения денег субсидиарную ответственность по его обязательствам несет Республика Казахстан или административно-территориальная единица средствами соответствующего бюджета.

11. Гражданско-правовые сделки государственного учреждения вступают в силу после их обязательной регистрации в территориальных подразделениях казначейства Министерства финансов Республики Казахстан.

Глава 3. Предмет и цели деятельности государственного учреждения

